

УДК 376.3  
МРНТИ 14.29.29

А.К. Сатова<sup>1</sup>, А.О. Шағыр<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, психология ғылымдарының докторы, профессор, [satova57@mail.ru](mailto:satova57@mail.ru)

<sup>2</sup>7M01906 – «Дефектология: Инклюзивті білім беру бойынша мамандар даярлау» мамандығының  
I курс магистранты, [moon777.as@mail.ru](mailto:moon777.as@mail.ru), Педагогика және психология институты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

## ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛ ДАМУЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

### Аннотация

Мақалада мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен дамыта-түзету жұмысын жүргізу барысында компьютерлік технологияларды пайдалану тиімділігі, оларды балалармен жұмыста пайдалану барысында ерекше мән беру қажет тұстар қарастырылған.

**Кілт сөздер:** компьютерлік технологиялар, компьютерлік бағдарламалар, түзете-дамыту үрдісі, жалпы сөйлеу тіл дамуы.

Сатова А.К.<sup>1</sup>, Шағыр А.О.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>доцент, доктор психологических наук, профессор,  
[satova57@mail.ru](mailto:satova57@mail.ru)

<sup>2</sup>Магистрант I курса 7M01906 – «Дефектология: Подготовка специалистов по инклюзивному образованию», [moon777.as@mail.ru](mailto:moon777.as@mail.ru), Институт педагогики и психологии,  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

## РАЗВИТИЕ РЕЧИ ПОСРЕДСТВОМ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

### Аннотация

В статье рассмотрена эффективность использования компьютерных технологий при проведении развивающе-коррекционной работы с детьми дошкольного возраста с общим недоразвитием речи, моменты, на которые необходимо обратить особое внимание в процессе их использования в работе с детьми.

**Ключевые слова:** компьютерные технологии, компьютерные программы, коррекционно-развивающий процесс, общее недоразвитие речи.

Satova A.K.<sup>1</sup>, Shagyr A.O.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Doctor of Psychological Sciences, Professor  
[satova57@mail.ru](mailto:satova57@mail.ru)

<sup>2</sup>7M01906 – «Defectology: Training of specialists of inclusive education» 1 course undergraduates  
[moon777.as@mail.ru](mailto:moon777.as@mail.ru)<sup>2</sup>, Pedagogy zhane psychology institutes,  
Abay atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universitet, Kazakhstan, Almaty s.

## THE DEVELOPMENT OF SPEECH THROUGH COMPUTER TECHNOLOGY IN PRESCHOOLERS WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT

### Abstract

The article considers the effectiveness of the use of computer technologies in carrying out developmental and correctional work with preschool children with general speech underdevelopment, the points that need to be paid special attention to in the process of their use in working with children.

**Keywords:** computer technologies, computer programs, correctional and developmental process, general underdevelopment of speech.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде балалар сөйлеу тілін қарқынды меңгеріп, осы кезеңде сол сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық бөліктерінің негізі құралып ары қарай дамуда болады. Балалардың зергерлік, эстетикалық тәрбиесі мен қоғамда қалыптасқан моральдық нормаларды меңгеруі тікелей сөйлеу тілін меңгеруіне байланысты. Сөйлеу тіл әрекетімен бекітілетін оқытудың нақтылығы мен тиімділігі шетелдік ғылымдардың жұмыстарында негізделген. Ақпараттық технология құрылғылары адам өміріне белсенді түрде еніп, барлық салаларды орнықты, сол сияқты білім беру мен тәрбие үрдісінде де қолданысқа ие болып жатыр. Балабақшалар мен басқа да оқу ұйымдарында компьютерлік технологияларды пайдалану мүмкіндігі мен тиімділігін отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулерінде көрсетілген (С.Л. Новоселова [1], Калаш И. [2], Комарова Т.С., Комарова И.И., Туликов А.В. [3], Денисова И.А. [4] зерттеулері).

Жалпы сөйлеу тіл дамымауы бар балалар саны артуда. Бұл балалардың оқуын ұйымдастыру ерекше тәсілдерді қажет етеді, сабақ барысында мектеп жасына дейінгі бала үнемі эмоционалдық қолдауды қажет етеді. Сөйлеу тіл бұзылысы бар баланы оқыту үшін біршама уақыт қажет және де оқу барысында педагог және бала тарапынан көп күш жігер жұмсалады. Сабақ барысындағы қолданылатын дидактикалық материалдарды жаңартылып отырмаса бала өз кезегінде қызығушылығын тез жоғалтып, оқу мотивациясы төмендейді.

Компьютерлік технологиялар білім берудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады, соған орай арнайы педагогика саласы да оны пайдаланудан жат емес. Сонғы жылдары арнайы педагогика мазмұны, формасы, әдістері және мамандардың кәсіби ой өрісі жайлы пікір таластар жүргізілуде. Дамыта оқытудың әрбір жаңа міндеті, арнайы білім беру қажеттілігі бар балалардың дамуында мүмкін болатын максималды нәтижеге жетелейтін білім берудің оңтайлы жолдары әдісінің мәселесіне айналады (Фадеева Ю.А., Жилина И.И. [5], Кукушкина О.И. [6], Н.Н. Кулишов [7] и др.).

Осы мәселе бойынша жазылған әдебиеттерді талдау компьютерлік технологияларды пайдалану маман үшін түзете оқытудың бөлігі ғана емес, бала дамуындағы ауытқуларды түзету мүмкіндіктерінің қосымша жиынтығы болып келетіндігін көрсетті. Өз жұмысында компьютерлік технологияларды пайдаланатын маман арнайы оқытудың басты екі міндетін шешуі қажет:

- Балаларда компьютерді пайдалану дағдысын қалыптестіру;
- Компьютерлік технологияларды оларды дамыту мен психофизикалық ауытқуларды түзетуде қолдану.

Дамуында ауытқуы бар балалармен түзете-дамыту және тәрбиелеу жұмысы арнайы немесе бейімделген (ең алдымен білім беретін, диагностикалық және дамытушы) бағдарламаларды пайдалануды қажет етеді. Оларды пайдалану барысындағы әсер педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, жаңа мүмкіндіктерді пайдалана алуына, мотивация мен психологиялық жайлы орта құра отырып ақпараттық технологияларды балаларды оқыту үрдісіне қоса алуына және де тәрбиеленушіге әрекет формасы мен құралдарын таңдау бостандығын беруіне байланысты болады.

Компьютерлік технологияларды арнайы педагогикада пайдаланудың басты міндеті бейімделген информатика мен есептеуіш техника негіздеріне оқыту емес, балалардың әрекет ортасын кешенді түрде өзгерту, бала дамуына жәрдем болатын ғылыми негізделген құралдарын жасауда [6].

Осы айтылып келе жатқан компьютерлік технологияларды оқыту үрдісіне енгізу білім бөлімінде жаңа саты болып табылады. Логпедиялық жұмыс барысында компьютерлік технологияларды пайдалану баланың еріксіз зейінін белсендіруге, оқу үрдісіне деген мотивациясының артуына, көрнекі материалдармен жұмыс түрлерін кеңейтуге көмектеседі, бұл өз кезегінде сабақ барысында қойылған мақсаттар мен мәселелерді шешуге жәрдем болады, жалпы алғанда педагогтың түзете-дамыту жұмысын оңтайландырады.

Жұмысына дайындық барысында логопед маман келесідегдей компьютерлік бағдарламаларды пайдаланса болады:

- PowerPoint бағдарламасы түрлі тапсырмалар сериясы арқылы тұтастай сабақ барысын жасауға мүмкіндік береді;
- Paint, Adobe Photoshop, CorelDRAW бағдарламаларының көмегімен сабақтарға қажетті қанық түсті иллюстрациялар жасаса болады;
- Macromedia Flash, PowerPoint бағдарламасы көмегімен анимацияланған кейіпкерлер мен көрнекіліктер жасаса болады;

• Word бағдарламасы баламен диагностика жүргізгенде логопед үшін пайдалы болады: оның көмегімен баланың жыл басында жасаған тапсырмаларын сақтап, түзету жұмысынан кейінгі орындаған тапсырмаларымен көрнекі түрде салыстыруға мүмкіндік береді.

Компьютер жадысы сөйлеу тілін дамыту мен түзетуге арналған логопед иелігіндегі барлық көрнекі материалдарды электронды картотека форматына ауыстыруға мүмкіндік береді, жұмыс барысында ол картотека толтырылып және қажет болған кезде шығарып алуға болады.

Жоғарыда айтылған бағдарламалар сабақ барысына дайындық кезінде пайдалы болады, логопедиялық тәжірибеде пайдалануға болатын басқа да бағдарламалар бар. Әр логопед маман осы бағдарламалар ішінен өзіне және өз жұмысына тиімдісін таңдап алса болады.

Жалпы сөйлеу тіл дамымауы кезіндегі түзету жұмысы жүйелі, әрі кешенді болуы керек. Ең тиімді компьютерлік программалар, ол:

- Игры для Тигры [8]
- Веселая азбука [9]
- Солнечный замок [10]
- Дэльфа – 141[11]
- Малыш [12]

Мысал ретінде “Игры для Тигры” бағдарламасы кіші және үлкен мектепке дейінгі жастағы балаларда жалпы сөйлеу тіл дамымауын түзету үшін қолданады. Бұл бағдарлама жеке және кіші топ сабақтарын тиімді ұйымдасытыруға көмектеседі. Бағдарлама Л.В. Лопатина, Н.В. Серебрякова [13], Р.И. Лалаева [14], Н.С. Жукова, Е.М. Мастокова, Т.Б. Филичева [15], Л.Н. Ефименкова [16], Р.Е. Левина [17], Г.В. Чиркина [18] сияқты мамандардың дамуында тежелуі бар балаларды оқыту әдістемелеріне негізделіп жасалған.

“Игры для Тигры” бағдарламасы арқылы білім беру және түзету міндеттерін шешу балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жалпы түзету жұмыс жүйесіне ендіріледі. Әр сабақ кешенді болып келеді, яғни сөйлеу тіл бұзылысы бар баланың жеке білім алу қажеттіліктеріне жауап беретін түзете оқытудың дәстүрлі және компьютерлік құралдарының оңтайлы қосындысы болып табылады [8].

Компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы жасалатын жұмыс көріп қабылдауға және қолданушының әрекет нәтижелерін басқаруға негізделеді. Қиындық тудыруы мүмкін кейбір жаттығуларды естіп қабылдауға негізделген көмек түрлері алдын ала қарастырылған. Осылайша жүйке жүйесінің көрнекі-кинестетикалық шартты-рефлекторлы тұрақты байланыстырды орнатуға мүмкіндік беретін орын толтырушы механизмдері жұмысқа қосылады. Осы механизмдерге негізделген логопедиялық жұмыс барысында дұрыс сөйлеу тіл дағдылар қалыптасып, кейінірек сөйлеу тілін өз бетінше бақылау дағдысы да қалыптасады. Бұл сөйлеу тіл бұзылыстарын тиімді әрі анағұрлым аз уақытта түзетуге жол ашады.

“Игры для Тигры” компьютерлік бағдарламасы төрт блокқа кіретін жаттығулар сериясын ұсынады:

- Дыбыс айту
- Просодика
- Фонетика
- Лексика

Осы аймақтарды пайдалану арқылы келесідей құбылыстарды қалыптастыру мен дамыта түзетуге жол ашады:

- Дыбыс айту;
- Ауызша сөйлеу тілінің просодикалық компоненттері;
- Фонематикалық есту мен қабылдау;
- Фонематикалық талдау мен жинақтау;
- Сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жақтары;
- Артикуляциялық моторика;
- Қол саусақтарының ұсақ моторикасы;
- Естіп және көріп қабылдау;
- Зейін;
- Сөздік-логикалық ойлау [8].

1995-1996 жылдары Дэльфа-141" логопедиялық тренажері шығарылған болатын. Сөйлеу тіл түзетуіне бағытталған модульге қоса бағдарламада балаларды компьютерді қолдануға үйрететін клавиатурамен, микрофон және тінтуірмен таныстыру модуль бар. Сол кездегі арнайы бағдарламалардың тапшылығына байланысты логопедиялық бағдарламадағы тренажерларды мамандар тек тікелей мақсатта ғана емес қосымша мақсаттарды шешуде пайдаланған. Осылайша, «Әуе шары» жаттығуы әріптерді тану дағдысын машықтандыру үшін қолданылған, «Қиылыс» жаттығуы кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту мақсатында пайдаланылған. Дауыстары бар жануарлардың бейнелері қолданылатын тінтуірді қолдануды үйретуге бағытталған жаттығу қалдық есту қабілетін дамыту, дыбыстық дифференциация, сөз бен дыбысты сәйкестендіру жұмысында қолданыс тапқан.

Барлық жаттығулар ойын түрінде ұсынылған.

Логопедиялық жұмыс барысында компьютерлік технологияларды пайдалану балалардың бірнеше тобымен бір мезетте жұмыс жасауға, оқуға қатысты мотивациясын арттыруға, еріксіз зейінді белсендіруге, көрнекі материалмен жұмыс варианттарын көбейтуге мүмкіндік береді, осылайша логопед маман өз сабағына қойған міндеттерді тиімді шешіп, өз жұмысын оңтайландырады.

Бірақ та компьютермен жұмыс барысындағы жағымсыз жақтарды да қарастырған жөн. Егер де балада невротикалық бұзылыстар, ұстамалық реакциялар, көру қабілетінің бұзылысы болса компьютерлік сабақтар жайлы шешімді айрықша мұқияттылықпен шешу керек, өйткені компьютер осы контингенттегі баланың денсаулық жағдайына кері әсер тигізуі мүмкін [3].

Мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ барысында компьютерді пайдалану тәсілдері:

Компьютерді пайдаланудың бірінші бағыты ол компьютерді оқу құралы ретінде пайдалану, бұл жағдайда негізгі мақсат ол оқу және жазу дағдыларына оқыту барысында қолдану.

Екінші бағыт: компьютерді баланың танымдық даму құралы ретінде пайдалану. Мектеп жасына дейінгі кезеңде компьютерді пайдаланудың ең таралған әрі пайдалы бағыты – оны дамыту дидактикасы жүйесінде оқыту құралы ретінде пайдалану.

Компьютерді мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде алғаш пайдалану тәжірибесі оның дәстүрлі оқыту формаларымен салыстырғанда біршама артықшылықтарының бар екендігін көрсетті.

Ақпаратты компьютер экранда ойын түрінде көрсету онымен әрекет жасауға деген балалар қызығушылығын оятады.

Компьютер арқылы бейнелік ақпаратты көрсету мүмкіндігі көбірек, ақпараттың осы түрі мектеп жасына дейінгі балалар қабылдауы мен түсінуіне оңтайлы болып келеді. Қимылдар, дыбыстар мен мультипликация әлі де ерікті зейіні қалыптаспаған балалардың назарын аз да болсын уақытқа шоғырландыруға көмек болады [2].

Компьютер түзете дамыту үрдісін индивидуализациялауға мүмкіндік береді. Компьютер алдындағы өзіндік жұмысы барысында бала көп заттарды өзім жасай алам деген ойы, өзіне деген сенімділігі артады.

Компьютер шыдамды, балаға тапсырманы шешу үшін қанша уақыт қажет сонша уақыт күте алады [7].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында компьютерді балалармен жұмыс барысына ендіру келесідей кезеңдер бойынша жүргізілгені жөн:

Компьютерлік технологияларды ендіру үшін жағдай жасау

Мақсат: инновациялық компьютерлік технологияларды жүзеге асыру үшін бірегей тұтас түзете-дамытушы орта құру.

Медиятехнологияларды сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар балаларды сүйемелдеу барысында қолдану.

Мақсат: түзету үрдісінің әр кезеңінде түзете-дамыту мен білім беру жұмысын оңтайландыру.

Әзірленген технологияларды жалпылау және тәжірибеге ендіру.

Мақсат: түзете-дамыту үрдісінде мультимедиялық және компьютерлік технологияларды ендіру мен пайдалану тиімділігі.

Осылайша компьютер баланың дамуындағы жолындағы, даму қарқынын анықтаудағы, тұтастай педагогикалық үрдісті жетілдірудегі, бала бастамалылығы мен танымпаздығының дамуындағы, дамыту ортасының бөлшектерін құраудағы, балаға қатысты жеке-дифференциалды қатынас пен жағымды эмоционалды фонды бір деңгейде ұстауда көмекші деп айтса болады. Білім беру, тәрбиелеу

және түзете-дамыту үрдісінді компьютерлік технологияларды пайдалану мүмкін және қажет. Ол оқуға деген қызығушылығының артуы мен баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Новоселова С.Л. В чем проблема информатизации дошкольного образования? / С.Л. Новоселова // *Детский сад от А до Я*. – 2003. – №1. – С.6-13.].
2. Калаш И. Возможности информационных и коммуникационных технологий в дошкольном образовании: Аналитический обзор. – М.: Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2015. – С.312.
3. Комарова Т.С., Комарова И.И., Туликов А.В. Информационно-коммуникационные технологии в дошкольном образовании. – М., 2011. – С. 315.
4. Денисова И.А. Использование информационно-коммуникационных технологий в логопедической работе по развитию фонематических представлений у младших школьников с тяжелыми нарушениями речи
5. Фадеева Ю.А., Жилина И.И. Образовательные проекты в группе для детей с ОНР – М.: ТЦ Сфера, 2012. – С.64.
6. Кукушкина О.И. Применение информационных технологий в специальном образовании // *Вестник образования*. – М., 2003.
7. Кулишов Н.Н. Концепция компьютерно-игрового комплекса в детских реабилитационных учреждениях / Н.Н. Кулишов, Е.Т. Лильин, Ю.М. Горвиц ; – М-во здравоохранения Рос. Федерации. Гос. учреждение Рос. реабилитац. центр "Детство". – М. : ЛО Московия, 2002 (УПК Федоровец).
8. Репина З.А. Новые информационные технологии: специализированная компьютерная логопедическая программа «Игры для Тигры» / З.А. Репина, Л.Р. Лизунова // *Вопросы гуманитарных наук*. – 2004, – № 5. – С. 285-287.
9. Игра :Веселая азбука (РуссОбит-м) RUS, год выпуска:2008, жанр:квест, издательство: Руссобит-м, разработчик:"БЕСТВЕЙ".
10. Игровой программно-аппаратный комплекс «Солнечный замок (ИГПАК «Солнечный замок»), Авторы: Ходченкова О.А., Русецкая М.Н., 2011.
11. Логопедический тренажер «Дэльфа-142.1» для детей с ограниченными возможностями здоровья. Модификации программного обеспечения 1.4, 1.4у, 1.7, 2.2 и 2.2у: Практическое руководство. – М.: Дэльфа М, 2021. – С.188.
12. Белобородова Е.Г., Горвиц Ю.М., Любимова М.М. Использование компьютерных игр «Кид/Мальши» для коррекции и развития речи у детей младшего возраста// – М.: МИФИ, 1999.– С.186-187.
13. Лопатина Л.В., Серебрякова Н.В. Преодоление речевых нарушений у дошкольников (коррекция стертой дизартрии): учебное пособие. / Л.В.Лопатина, Серебрякова Н.В.. – Спб.: Изд-во «СОЮЗ», 2000. – С. 192.
14. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Формирование правильной разговорной речи у дошкольников - Ростов н/Д: «Феникс», СПб: «Союз», 2004. – С.224.
15. Жукова Н.С. и др. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников: Кн. для логопеда / Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т.Б. Филочева – Екатеринбург: АРД ЛТД, 1998. – С. 320.
16. Ефименкова Л.Н. Формирование речи у дошкольников. – М.: Национальный к нижный центр, 2015.
17. Левина Р. Е. Основы теории и практики логопедии – издательство Альянс, 2013 г. – С. 367.
18. Чиркина Г.В. Коррекция нарушений речи. Программы дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушениями речи. – М.: Просвещение, 2009.